| 61 (1728) |
| 8 сәуір, 2011 |
| жұма |
| www.aikyn.kz |
| e-mail: info@aikyn.kz |
| aikyn_nurmedia@mail.ru |

4 870202 250024

АЙҚЫН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Елбасы балалық шаққа «саяхат» жасап қайтты

Ұлықтау күні қарсаңында, кеше кешкілік Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан» орталық концерттік залына келді. Осында Мемлекет басшысы үшін «Балалық шағымның аспаны» атты көркем фильмнің тұсаукесерлік көрсетілімі арнайы ұйымдастырылды. Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы түсірген, режиссер Рүстем Әбдірашевтің бұл туындысы Нұрсұлтан Назарбаевтың президенттік додадағы жеңісіне өзіндік бір тарту болғандай! «Балалық шағымның аспаны» («Небо моего детства») балалық бал дәурені – бүкіл өмір майданға байланған шаққа және соғыстан кейінгі «тар жол, тайғақ кешу» жылдарына тұспа-тұс келген баланың тарихы. Ал баланың аты – Нұрсұлтан!

«Балалық шағымның аспаны» атты көркем фильмнен көрініс

Айхан ШӘРІП

Жаланаяқ жар жағалап, қызылаяқ қырға көтерілген, «қыр гүлімен бірге өскен, қыр желімен бірге ескен» шіркін бал дәурен, еске түскенде, Елбасының өзін елжіретпей қоймады. Басты рөлді – Нұрсұлтанның рөлін алматылық Елжас ойнайды, бір қызығы, синематограф сынды салмақты салада емес, балалық өмірдегі ойыны қанбаған бес жасар балдырғанды, түсірілім арасында үлкен үзілістер орнағанда, сахна алаңында ұстап тұру үшін алдарқатам деп, оператор ассистенті И.Зайцевтің әбден зықысы шыққан деседі. Бірақ балақай бәрін өнерімен асыра өтеген! Картинада алғашқы жауған кардай аппақ арман, тас бұлақтың суындай сынғырлаған балалық сезімдер мөлдіретіп түсірілген. Кадрден-кадрге жібектей есілетін шуақты нұр бойға тарап, сезімнің нәзік қылын діріл қаққызады. Бұл жерде режиссердің батылдығы мен тапқырлығына қол соғуға да болатындай. Әлемге танымал саяси тұлға туралы фильм түсіру қиынның-қиыны болса керек. Киноны конъюктуралық ренкке бояп, аяқастынан саясат қажетіне қиюластырып жіберу көрерменнің көңілін қалдырары сөзсіз. Ал сценаристер де, режиссер де көркем туындының табиғатын тауып, тамыр жаяр өзегін тап басқанға ұқсайды. Мәселен, фильмде 1945 жылдың 9 мамыры суреттеледі. Жеңіс жарияланған күнгі бүкілхалықтық думанның дүбірін көрерменнің көз алдына әкелу үшін «массовкаға» мыңға тарта адам жұмылдырылған екен. Олар үшін 40-шы жылдардағы әскери костюмдер арнайы тігіліпті. Енді сол күні Шамалған ауылында не өткенін фильм саяси сауатты ересектердің емес, бала көзімен көрсетеді. Тағы бір қызықты дерек: қазіргі Шамалғанның ажары сол кезден бері адам танымастай құлпырғаны мәлім. Сондықтан шындыққа жақын болу үшін бұл сюжеттерге Алматы облысының Дегерес ауылы таңдалыпты. Жалпы, қаңтар қыста – ақпан айында басталған кино түсіру жұмыстары, негізінен, Үшқоңырда жүрген (болашақ Елбасы алты жаска дейін сол жерде тұрғанын білерсіз).

Екі жыл бойы туындыны түсіру барысында біраз қызықты оқиғалар болыпты. Сюжет бойынша Үшқоңырда кішкентай Нұрсұлтан ақсақалдан (актер Сәтімжан Санбаев) ақ аулауды үйренеді. Фильмде шын қасқыр қатыстырылған екен, өзінен адамдардың нені талап ететінін түсінбей, дал болса керек, бірде ол қасқыр дәл түсіріп жатқан кезде, қашып кетіпті. Содан оны іздеп табуға бірнеше күн кеткен. Тағы бірде, түні бойы жергілікті малдардың түсіру алаңында сайран құрғаны анықталыпты: олар шөп маясын жеп кетіпті. Содан көркемдеушілерге тездетіп декорацияны қайта қалпына келтіруге тура келген деседі. Фильмнен көрермен үлт мақтанышы Бибігүл Төлегенованың да ойынын тамашалай алады

Бұл картинаның негізіне Нұрсұлтан Назарбаевтың үш кітабындағы балалық шақ туралы естеліктері қаланыпты. Фильмді жасаушылар пешенесіне келешекте Қазақстанның негізін қалап, тәуелсіз республика құру жазған кішкене балақайдың тұлғасы мен мінезі қалай қалыптасқандығын шынайы көрсетуге тырысқан көрінеді. Олар бұл мақсат үдесінен шыға алған ба? Бұған ағайын, енді өзіңіз төресіз!

Фильмнің кинотеатрлардағы кешінен көрсетілімі 14 сәуірден басталады деп күтілуде.

Елбасы – Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жеңісімен кеше бүкіл сенаторлар атынан Жоғарғы палата төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтады. «Әділ әрі ашық өткен, баламалы Президент сайлауында» Қазақстан көшбасшысының айқын жеңіске жеткендігіне тоқталған Қасым-Жомарт Кемелұлы бұған «мемлекетіміздегі тарихи маңызды оқиға» деген баға берді. Қ.Тоқаевтың байламынша, «қазақстандықтар өз болашағын тек Елбасының есімімен байланыстырады». «Халықтың бұл тарихи таңдауы Қазақстанды бүкіл әлем мойындайтын озық елдер қатарына қосуға өлшеусіз еңбек сіңіріп келе жатқан Мемлекет басшысына деген зор сенімнің айғағы» деді Сенат басшысы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:
Елбасының жеңісі – еліміздің жемісі

Айхан ШӘРІП

Қасым-Жомарт Кемелұлы сайлау учаскелеріне топтарын жазбай келген Қазақстан халқының «келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, экономиканы дамытуға және әлеуметтік саланы жаңғыртуға бағытталған стратегияны қолдап», дауыс бергендерін айтты. «Президент Н.Назарбаевтың дана басшылығымен қазақстандықтардың талай ұрпағы мақтан ететін тамаша жетістіктерге жетуге сенім мол. Елбасының жеңісі – еліміздің жемісі құтты болсын!» деді кеше Жоғарғы палатаның жиынын ашқан К.Тоқаев.

Сайлау тақырыбын өзге сенаторлар да тілге тиек етті. Президенттік додада бақ сынап көрген Ғани Қасымов шыға берісте өзін қоршай алған журналистерге бұл емес, басқа додадан дәмесі зор екенін жариялады. Әйткенмен, сенатор парламенттік сайлаудың да мерзімінен бұрын, осы көктемде немесе күзде өтетіндігі жөніндегі сарапшылардың пікірімен келіспейді екен. «Мен мұндай мүмкін болады деп ойламаймын, себебі оған ешқандай алғышарттар жоқ» деп шарт түйді Ғани Есенгелдіұлы. Бір қызығы, Қазақстанда бірде-бір депутаттық корпус мерзімінің соңына дейін жұмыс жасамапты. Ал төртінші шақырылымдағы қазіргі Парламент өз өкілеттігін келер жылдың шілдесінен кейін тоқтатуы керек. Осы орайда сенатор Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау қашан өткізілетіндігіне қарамастан, өзі басшылық ететін Қазақстанның Патриоттары партиясын сол аламан бәйгеге қосатынын мәлімдеді.

«Ертен Елбасын ұлықтау рәсімі өтеді де, Президент ресми түрде қызметіне қайта кіріседі, – деді сенатор Ғ.Қасымов. – Содан соң, мемлекеттік басқарудың жаңа деңгейін, жаңа көкжиекті, керек десеңіз, тіпті жаңа сыртқы саясатты белгілеу – соның құзырында. Мемлекет басшысы тіпті билік құрылымын да өзгерте алады». Айтпақшы, бүгін, Қазақстан көшбасшысын ұлықтау рәсімі өте салысымен, сағат тілі 11:30-ды соққанда, Мәсімов үкіметі өзінің соңғы отырысына жиналғалы отыр. Кәрім Мәсімовті қайта тағайындай ма, әлде оның орнына басқа кандидатты ұсына ма, ол да Елбасының еркінде. Қалай болғанда, бүгін, Ата заңымыздың талабына сәйкес, Үкімет өз өкілеттігін тоқтатады да, отставкаға кету жөнінде өтініш ұсынады. Осыдан кейін Президент жаңа Үкіметке кімдерді қосу турасында шешім қабылдайтын болады. Осы тұста журналистер заң шығарушы билік өкілінен Премьер-министр лауазымына Елбасы ұсынуы мүмкін кандидат жөнінде пікірін сұраған. «Бос болжамға, жорамал-долбарға ауыз ауыртқым келмейді, – деді сенатор Ғани Қасымов. – Сіздер қандай деңгейде болсаңыздар, мен де сол деңгейде ғана құлағдармын». Қалай болғанда, Үкімет тізгінін өз қолына алуға, Елбасы, өзінің жаңа экономикалы, индустриалды, қуатты Қазақстан құруға қатысты тың идеяларын іске асыруға қабілетті тұлғаны шақырары сөзсіз.

САРАП

НАЗАРБАЕВ – теңдессіз реформатор

«Ұлылар тұйыққа тірелмейді, данышпан тұйыққа тіреледі, бірақ ол тұйықтан шығатын жол табады»

СОКРАТ,
ежелгі грек ойшылы

ЕКҰҮ Астана саммитін өткізіп, «Астана декларациясын» қабылдаттырған, онан соң дүрілдетіп Азиада өткізген және сол Азиаданың жеңімпазы атанған Қазақстан Республикасының Ұлттық көшбасшысын еңбекті бағалай білетіндердің бәрі дерлік «нағыз триумфатор» дегенді айтқанын естідік. Ал кеше ғана сол Нұрсұлтан Назарбаев 5,5 миллиондай референдумды жақтаушылардың ыстық ықыласынан бас тартып, бәсекелі сайлауға түсіп, ол сайлауға еліміздің сайлау құқы бар азаматтарының 90 пайызға жуығы қатынасып, солардың 95,55 пайызы жақтап шыққанында нағыз триумф болды. Триумфатор жеңісін көзіне жас ала елжіреген жүрегімен қарсы алып, қолдаушы халқына «Мен әрқашанда сендермен біргемін» дегенді айтты. Өйткені бұл триумф онын 20 жылға жуық уақыт ішінде атқарған ісіне, үйқысыз өткізген түндері мен күлкісіз өткізген күндеріне халқының берген әділ бағасы еді. Нұрсұлтан Назарбаев өмірі мен қызметінін осы соңғы 20 жылы баршамыздың көз алдымызда өтті. Жиырма жыл бұрынғы мен қазіргі жағдай біздің санамызда бейнетаспалардағыдай сақталған. Ендеше, «Назарбаев қалай триумфатор болды?» деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Бұдан 19 жылдан астам уақыт бұрын «Жаңаөзен» қаласында ұлтаралық теке тірес қанды қырғынға ұласқан, оның алдында яғни 1986 жылы 16 желтоксанда жастары Совет Одағы Компартиясы Орталық комитеті Саяси бюросының шешіміне қарсы шығып, 70 жыллай уақыт ішінде болмаған «басбұзарлық» жасаған Қазақстан тәуелсіздігін жариялағанда оның егемендігіне күдікпен қарағандар көп болды. Біздің бұған қосарымыз – тәуелсіздігін жариялаған мемлекеттің Ұлттық банкінде 1 цент валюта немесе 1 мысқал алтынын болмағандығы. Оның үстіне егемендігін жариялаған мемлекеттің индустриясын құрайтын негізгі зауыттардың басым бөлігі КСРО орта машина жасау министрлігіне қарасты стратегиялық әскери мақсаттағы өндіріс орындары болды. Алып держава таркаған соң оларға тапсырыс болмай, әркайсысы 10-20 мың адамға жұмыс тауып беріп тұрған алып зауыттар мен комбинаттар «жансыз қалды». Бұл да өткен өміріміздің ащы ақиқаты. Жұмыссыздар армиясы еліміздің әр қаласында 10-100 мың адамды құрап шыға келді. Қысқасы, еліміздің тең жартысы дерлік жұмыссыздық жағдайына көшті. Мұндай жағдайда ауыл шаруашылығын «асырау» мүмкін емес еді. Бұл арада «асырау» деген сөзді мақсатты түрде қолдандық. Өйткені еліміздің, әсіресе, мал шаруашылығы саласы түгелдей дерлік «дотацияда» өмір сүрген, масыл буын болатын. Демек, егемендігін жариялаған Қазақстан Республикасының тұтастай экономикасы жансыз жағдайға ауысты дей аламыз. Осындай жағдайда жалақы, зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы дейтін міндетті төлемдер айлап емес, жылдап кешіктірілді. Өйткені бюджеттік түсім болмағаны белгілі. «Жұт жеті ағайынды болады» дегендей, гиперинфляция қаулап кетті. Нақты деректермен сөйлер болсақ, онда инфляция 1993 жылы 776 пайыз, 1994 жылы 1888 пайыз, 1995 жылы 323 пайыз құрағанын айтсақ та жан түршігерлік жағдайды көзге елестетуге болады. Барлық сауда нүктелеріндегі сөрелер қаңырап бос тұрды. Сондай-ақ жылдық ішкі жалпы өнімнің рецессиясы 1991 жылы 9,8 пайызды, 1992 жылы 2,9, 1993 жылы 10,4, 1994 жылы 17,8, 1995 жылы 8,9 пайызды құрады. Сөйтіп, бас-аяғы 5 жыл ішінде тауарлы өндірісінің тең жартысынан астамынан айырылған елде дүкен сөрелері бос қалып, жоғарыдағыдай жойқын инфляцияның орын алуы табиғи заңдылық еді. Егемендіктің алғашқы алты жылында қазақстандықтардың, Қазақстан экономикасының жеткен жері осы. Бірде сол кездегі Ұлттық банк төрағасы Ғалым Байназаров: «Мемлекет басшысының шетелдерге ресми сапарын қамтамасыз ететін валютамыз да болмады ғой, оны сол кездегі коммерсанттардан қымбат бағаға сатып алуға тура келді» деген еді. Міне, Кенестер Одағынан осындай күйзелісті жағдайдағы экономиканы, тұрмыс-тіршілігі әлсіреген 18 миллион халықты қабылдап алған Қазақстан Республикасын құрушы тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің шетелдік сапарларының құнын төлейтін валютасы да жоқ елдің бас аяғы 19 жыл ішінде ұлттық қорларында 68 миллиард доллар көлеміндегі алтын-валюталық қазынасы бар мемлекет жасап шығарды. Бұл – тарихта теңдесі жоқ іс екені даусыз.

(Жалғасы 3-бетте)

ТАРТУ

Жиырма жылдыққа – ЖИЫРМА КІТАП

Мемлекет тарихы институты ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына тарту етпек болған 20 кітаптың алғашқы тобын оқырман назарына ұсынды. Кеше Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада «Қазақстандағы президенттік билік институты: тарих, тағылым, тәжірибе» және «Независимый Казахстан и Лидер нации» кітаптарының тұсауы кесілді.

Халима БҰҚАРҚЫЗЫ

Астана

«Былтыр 15 кітап шығардық. Ал биыл Тәуелсіздіктің 20 жылдығына 20 кітап шығарамыз деп отырмыз. Бүгін сол кітаптардың екеуінің тұсаукесері. Бұл кітаптардың барлығы да тарихи-танымдық монографиялар» деді кос кітаптың дайындалуына жетекшілік еткен Білім және ғылым министрлігі Мемлекет тарихы институтының директоры Бүркітбай Аяған. Оның айтуынша, «Қазақстандағы президенттік билік институты: тарих, тағылым, тәжірибе» кітабы еліміздегі президенттік билік институтының қалыптасуын ұлттық және әлемдік тәжірибе аясында қарастырады. Сонымен қатар Президент мәртебесі мен өкілеттігі, оның заң шығарушы, атқарушы сот биліктеріне қатысты өкілеттіліктерінің жүзеге асырылу мүмкіндіктері, сыртқы саясат саласындағы қызметіне нақты деректер негізінде талдау жасаған. Екінші монографияда Кенестік кезең келмеске кеткеннен кейін құрылған жаңа мемлекеттің қалыптасу жолына сараптама жасалған. Кітапта тәуелсіздік алдындағы және қазіргі кезеңге дейінгі оқиғалар қамтылып, Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық, саяси, халықаралық қатынастар мәселелері қарастырылған. Мемлекет басшысының тәуелсіз мемлекетті құру әрі нығайту жолындағы тарихи рөлі маңызды деректер мен дәйектер келтіріле отырып, зерделенген. Кітап мұрағат құжаттары негізінде жазылған. Бұл ретте, авторлар Алматыдағы республикалық бас мұрағат пен Қарағанды облысының аймақтық мұрағатына бас сұғыпты.

Тарихшылар мен саясаттанушыларға, еліміздің саяси тарихына, қоғамның саяси жүйесіндегі Мемлекет басшысының рөліне қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған кос кітаптың әркайсысы 1000 данадан жарық көріпті.

«Қазақстандағы президенттік билік институты: тарих, тағылым, тәжірибе» атты кітаптың бір ерекшелігі, ол президенттік билік туралы мемлекеттік тілде жарық көрген ең алғашқы монография болып отыр. Өйткені бұған дейін жарық көрген президенттік билік туралы еңбектер орыс не ағылшын тілдерінде жазылып барып қана, қазақ тіліне аударылған екен. Кітап авторлары: «Өзіміз саяси үдерістердің субъектілері ретінде атсалысып жүрген оқиғаларға баға беру өте қиын екеніне көзіміз жетті» дейді. Авторлар тобының 1991 жылғы оқиғалардың барлығына осы күннің тұрғысынан баға беруге тырысқаны байқалады. «Біткен іске сыншы көп» демекші, қандай да бір кемшілік болса, авторлар әрі қарай толықтырып жұмыс істеуге дайын. Бірақ бұл кітаптардан мін табу қиын болатын сияқты. Өйткені кітап жарыққа шықпас бұрын тәуелсіз сарапшылардың талқысына ұсынылған. Мәселен, Еуразия ұлттық университетінің проректоры Қадыр Ахметов кітаптың сыншысы ретінде бұл еңбектерді жоғары бағалады. «Кітаптың ғылыми логикасы сақталған. Қазақ даласында ертеде мемлекеттің болғандығы, билер сотының өмір сүргендігі, хан билігі институтының қалыптасқаны туралы да жақсы жазылған. Тағы бір ерекшелігі, еліміздегі президенттік институттың қалыптасуы шетелдік тәжірибемен салыстырылып берілген» дейді рецензент.